

- <https://cyberleninka.ru/article/n/e-didaktika-novyiy-vzglyad-na-teoriyu-obucheniya-v-epohu-tsifrovyyh-tehnologiy>. Accessed 03.12.2023
11. Petrova N.V., Sverdlova A.V. Preparation of future teachers for the formation of the content of the information subject environment of teaching foreign languages // Online magazine "World of Science" 2017, Volume 5, number 4 <http://mir-nauki.com/PDF/28PDMN417.pdf>
 12. <https://www.linkedin.com/pulse/how-technology-shaping-future-education-21st-century-world-ranjan>
 13. <https://learnenglishteens.britishcouncil.org/skills/reading/b1-reading/skills-21st-century-workplace>
 14. Walker A., White G. Technology enhanced language learning. – Oxford: Oxford University Press, 2013. Pp. 208

АЛЫС ЖӘНЕ ЖАҚЫН ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ КӨПТІЛДІЛІК

Сағымжанова Аяулым Базарғалиқызы

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті
Жаратылыстану факультеті
6B01505103 Биология
магистр **Ракишева Ж. Б.**

Әлем тілдер кафедрасының оқытушысы

Тіл елдің елдігінің, оның ғылымы мен мәдениетінің, өнеркәсібінің, қоғамдық құрылысының, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық мұрасының қай дәрежеде екенін білдіріп тұратын көрсеткіш.

Бауыржан Момышұлы

Тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ана тілі – әр адамға ананың ақ сүтімен бойға жетіп, ананың әлдіімен, бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан-балаға жетіп отыратын ұлы күш. Ана тілі – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес байлығы, қуатты қайнар бұлағы. Туған жеріміз бен ел-жұртымызды да сол арқылы айтып жеткіземіз. Көп тіл білу-заман талабы. Елбасы өзінің 2007

жылғы «Жаңа әлемдегі –жаңа Қазақстан» атты жолдауында : «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс.

Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қылаң беріп жүргені жасырын емес. Десек те Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»- деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас.

Жақын және ТМД елдеріндегі көптілділік: Ресей Федерациясында да қазақтар саны айтарлықтай, 800 мыңға (2000-2001 жылдары) жуық. Олар тығыз қоныстанған аудандар Қазақстан шекарасының маңына таяу орналасқан. Бұл Алтай, Новосібір, Омбы, Челябині, Қорған, Орынбор, Саратов, Волгоград, Астрахан облыстары. Ресейдің еуропалық бөлігінде қазақтар саны аз, негізінен, қалаларда тұрады. Орталық Азиядағы сияқты Ресей қазақтары да ауылдық жерде тұрады. Бұл олардың өзге халық арасында туысқандық байланыстары мен этностық тұтастығын сақтап қалу үшін тығыз орналасуға ұмтылуын, сондай-ақ қазақ тұрғындарының урбандалу деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Қазақтардың ұрпақ сабақтастығын және этностық тамырымен байланысын сақтап келе жатқан салалардың бірі — ұлттық әдет-ғұрпы мен салт-санасы. Әлеуметтік салада аға ұрпаққа құрметпен қараушылық дәстүрі туысқандық байланыстар деңгейінде сақталған. Аға ұрпақ қамқорлығы және тығыз қоныстануының нәтижесінде қазақтар ана тілін сақтап қалған, дегенмен мұнда да жастар өзінің ана тілін нашар біледі. Оған Кеңес өкіметі кезіндегі білім беру жүйесіндегі өзгерістер де әсер етті. Қазақ мектептерінің жабылуы кеңес идеологтарының КСРО халықтары одағынан бірыңғай кеңес халқын қалыптастыруға ұмтылысына байланысты болған. Мәдениет және білім беру саласында орыс тілі басты назарға алынды. Қазақ халқының тілі мен мәдени дәстүрлерін сақтауға Ресей қазақтары құрған қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер де өз үлестерін қосуда. Таулы-Алтай қаласында тұратын 62 мың халықтың екі мыңға жуығы қазақтар. Жалпы, Алтай өлкесінде 15 мыңдай қазақ тұрып жатыр. Ал Барнауыл жақта - Алтай өлкесінің Сібір бөлігіндегі қазақтардың саны 7 мыңнан асады. Дүниежүзілік сахнада Тәуелсіз Қазақстан Республикасының пайда болуы қазақ халқының ұлттық санасын әсіре түсті. Қазақ диаспорасының өкілдері өз халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек

зерттеп білуге мән бере бастады. 1991 жылы Мәскеудегі қазақ жастарының «Мұрагер» мәдени қоғамы өз жұмысын бастады. Астанадағы көп ұлтты мегаполис жағдайында бір-бірімен тығыз қарым-қатынасын сақтап қалу үшін мәскеулік «Қазақ тілі» қоғамы ұйымдастырылды (1990 жылы соңы мен 1991 жылы басында). Өткен жылдар ішінде бұл қоғамдар мен бірлестіктер біраз жұмыстар атқарды.

Алыс шетелдердегі көптіліділік: 2000 жылғы санақ бойынша Түркияда 20 мыңдай қазақтар тұрған. 1952-1958 жылдары келген алғашқы қазақтар тобы Стамбұл түбіне шоғырландырылып, азаматтық берілгеннен кейін ғана Батыс Анадолы аумағына орналастырылды. Түркиядағы қазақтардың әлеуметтік өмірінде де олардың белгілі бір руға жататындығы басты рөл атқарады. 1934 жылы есім реформасына байланысты түрік фамилияларын қабылдауға тиіс болады. Алайда мұнда фамилия әкімшілік мақсатта бірыңғайлау үшін пайдаланылады да, қазақтардың өздерін руына қарай анықтайды. Қалыңмал беру салты кездеседі, қалыңмалдың мөлшері әр түрлі, әлеуметтік жағдайына қарай өзгеріп тұрады. Аға ұрпақтың алдынан кесіп өтпеу, келіндік міндетті мінсіз атқару, «кіндік шеше», «өкіл әке», туыстарына бала беру сияқты қазақтың салт- дәстүр әдебіне баса мән беріледі. Дегенмен түркиялық қазақтардың өмір салтында бірқатар өзгешеліктер де бар. Күнделікті өмірде қазақ тілі мен түрік тілі аралас қолданылады. Жастар барған сайын салт-дәстүрді сақтауға немқұрайды қарауда, мысалы, болашақ жар таңдауды өз еркімен шешуге тырысады. Үйлену тойында қазіргі түрік және қазақ дәстүрлерінің элементтері аралас жүреді. Ортақ түркілік тегі және мұсылман діні қазақтардың түрік қоғамына тез бейімделіп кетуіне мүмкіндік берген. 1986 жылы «Қазақ» қоғамы құрылған, бұл қоғамды құрудағы мақсат ұлттық салт-дәстүрді жастар санасына сіңіру, жоқ-жітіктерге әлеуметтік тұрғыдан көмектесу.

Еуропа елдеріндегі қазақ иммигранттарының аға ұрпағы, негізінен, ауыр және жабайы еңбекпен айналысып, балаларына жоғары білім әперуге жетерлік ақша жинауға тырысады. Қазір бұл елдердегі қазақтардың көпшілігі ауқатты тұрады: бизнеспен айналысады, екі-үш шетел тілдерінде сөйлей алады. Қазақтардың этностық тегі үй-ішілік деңгейде қазақ тілін сақтап қалуға тырысуынан байқалады, дегенмен жергілікті ортаның күшті әсері және тіл иелерінің азшылығынан, қазақ тілі жергілікті тілмен шұбарланып кеткен. Көпшілік қазақтар, әсіресе аға ұрпақ ұнтаспа, бейнетаспаға жазылған қазақ ән-күйлерін тыңдағанды ұнатады. Еуропа елдері мен АҚШ-та қазақ

диаспорасынын аздығынан және бос уақыттарының жоқтығынан олар көбінесе мейрамдарда және мешіттерде ғана кездеседі. Қазақ диаспорасының өкілдері қазіргі заман ағымымен өмір сүреді және басқа аймақтарға қарағанда ұлттық салт- дәстүрлерін ұмыта бастаған. Көп тілді меңгерген жастар көп тіл білу адамның мінезіне де, карьерасына да, өміріне де оң әсер ететінін айтып жатады. Өзге тілді білу жаңаша ойлауға және бұрынғы қалыптасқан пікірлерінді одан әрі дамытуға үлкен септігін тигізеді. Жаңашылдыққа, объективті ойлауға жетелейді. Мінез тұрғысынан, адамдармен ашық араласып, бұрын болмаған позитивті ойлар қалыптасады. Яғни, ағылшын т.б. тілдерді білсең өзінді еркін сезініп, әлем бойынша кез келген адаммен қарым-қатынасқа түсе алатыныңды байқайсың. Біздің елімізде «Үш тұғырлы тіл» саясатынан бөлек, еліміздегі әрбір ұлыс өз тілдерін еркін меңгеріп, өз тілдерінде сөйлей алады. Бірақ, Үш тұғырдың қатарына төртінші, я болмаса бесінші болып орналаса алмайды. Әрбір ұлттың өзінің ана тілдерінде еркін сөйлеуі Қазақстандық демократияның айқын көрінісі. Біз осындай демократияның арқасында ғана әлемге танылып, жер жүзінде бейбітшілік үстемдігін жасай аламыз. Билік үш тілді үйрену, қолдану аясын бір сызықтың бойына емес, үш сызыққа, әрқайсысының өз орнын көрсететін саясат жүргізіп, мемлекеттік тілдің бірінші болып дамуын қадағалайды. Бұған ешқандай күмән болмауы керек. Үш тұғырлы тіл арқылы ғана Қазақстан тілдік саясаттың оң нәтижесі көре алады.

Бірақ қазақ баласы әуелі отбасында қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, Қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін керек екенін ұмытпайық. Сондықтан «Ана тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп, ақын Қадыр Мырза-Әли ағамыз айтқандай, әуелі өз ана тілімізді құрметтеп, оны ардақтап, аялап үйренейік те, өзге тілдің бәрін білуге барынша құлшыныс жасайық.

Әдебиеттер:

1. Хасанұлы Б. Ана тілі ата мұра. Алматы: Жазушы, 1992. [16]
2. Қасым Б. Мемлекеттік тілді кәсіби мамандыққа бағыттап оқытудың өзекті мәселелері // «Мемлекеттік тілді жетілдірудің өзекті мәселелері» атты [1,2]

Республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары: Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. Алматы, 2004.[3]

3. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Ана тілі. 2007.[3]

POPULAR CULTURE TO MOTIVATE STUDENTS TO LEARN ENGLISH

Sazonova Yu., Shilovski V., Kadirova A.

Zhubanov University, 2 foreign languages

usazonova19@gmail.com

Modern society strives to educate a person with humanistic thinking, sharing universal values. The study of a foreign language, in its turn, is a means of developing practical skills of interaction with representatives of other cultures, communicative qualities of personality, flexibility of thinking and tolerance. To learn a foreign language effectively and to be fluent in it, it is necessary to have an idea of the peculiarities of the mentality of native speakers.

All this necessitates the formation and development of sociocultural competence. Sociocultural competence is an integral part of foreign language communicative competence. The state educational standard of higher education defines sociocultural competence as "introduction to the culture, traditions, and realities of the countries/countries of the learnt language within the framework of topics, spheres and situations of communication, corresponding to the experience, interests, and psychological peculiarities of basic school students at different stages" [1, p. 185]. Sociocultural competence is not only knowledge about the cultural peculiarities of the country of the target language, but also practical skills and abilities to build one's speech and non-speech behaviour, to understand and adequately interpret cultural values and facts in situations of foreign language communication.

Sociocultural competence is formed first of all through mastering the culture of native speakers. Today, thanks to the development of telecommunications and the world information space, global media resources and works of mass culture take the first place in terms of accessibility and relevance. Mass culture is a culture adapted to the tastes of broad masses of people, technically replicated in the form of many